IQAA

# БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІК – IQAA

# САРСЕН АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІНІҢ СЫРТҚЫ АУДИТ БОЙЫНША ЕСЕБІ

## 8D01701 – «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ» БОЙЫНША АККРЕДИТТЕУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Астана, 2024

# ЭКСПЕРТНАЯ ГРУППА

| | |
|---|---|
|  | **Руководитель экспертной группы:**<br>Жапекова Гульфайрус Кабдуловна, доцент кафедры истории, кандидат исторических наук, Евразийский национальный университет имени Л. Гумилева, г. Астана |
|  | **Международный эксперт:**<br>Обозный Дмитрий Александрович, доцент кафедры «Менеджмент», к.э.н., Новосибирский национальный исследовательский университет, РФ |
|  | **Национальный эксперт:**<br>Калиев Бектурсын Аманкулович, ассоциированный профессор кафедры казахского языкознания, к.ф.н., Карагандинский университет им. академика Е.А.Букетова, г. Караганда |
|  | **Национальный эксперт:**<br>Загатова Сауле Базыловна, профессор кафедры иностранных языков, к.ф.н., Евразийский гуманитарный институт, г. Астана |
|  | **Представитель работадателей:**<br>Байжанова Айгуль Оралгазиновна, руководитель Департамента по обеспечению качества в сфере образования ВКО |
| | **Представитель студентов:**<br>Сабырбекова Балжан Абайқызы, магистрант 2 года обучения образовательной программы «Иностранный язык», Казахстанско-Американский свободный университет |

## НАОКО ҮЙЛЕСТІРУШІСІ

**Шүрен Жазира Бақытбекқызы,** ЖОО және ҒЗИ аккредиттеу департаменті, Білім берудегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз агенттік (IQAA)

Отчет экспертной группы является интеллектуальной собственностью IQAA. Любое использование информации допускается только при наличии ссылки на IQAA. Нарушение авторских прав влечёт за собой наступление правовой ответственности.

# *ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕПТІҢ ӘРБІР СТАНДАРТ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ІСІНІҢ НАҚТЫ ЖАЙ-КҮЙІНЕ СӘЙКЕСТІК ДЕҢГЕЙ*

| **Стандарт** | **Өзін-өзі бағалау жөніндегі есептің әрбір стандарт үшін ЖОО-дағы істің нақты жай-күйіне сәйкестік деңгейін белгілеңіз** | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Толық сәйкестік | Елеулі сәйкестік | Ішінара сәйкестік | Сәйкессіздік |
| *Стандарт 1* Академиялық адалдық және сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат | + | | | |
| *Стандарт 2* Білім беру бағдарламаларының мазмұны | + | | | |
| *Стандарт 3* Профессор-оқытушылар құрамының сапасы | | + | | |
| *Стандарт 4* Зерттеу жұмыстарының сапасы | + | | | |
| *Стандарт 5* Докторанттарды қолдау жүйесінің тиімділігі | + | | | |
| *Стандарт 6* Оқу ресурсы | + | | | |
| *Стандарт 7* Оқыту жүйесінің тиімділігі және қоғамды ақпараттандыру | + | | | |

# *МАЗМҰНЫ*

**1-ТАРАУ**
**САПАРДЫҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ МАЗМҰНЫ**
Кіріспе ……………………………………………………………………….
ЖОО-ның негізгі сипаттамасы ……………………………………………

**2-ТАРАУ**
**САРАПТАМА ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ АУДИТ БОЙЫНША ЕСЕБІ**
Кіріспе ………………………………………………………………………

Бағдарламалық аккредиттеу стандартына сәйкестігі
*Стандарт* 1
Академиялық адалдық және білім беру бағдарламаларының сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат ……
*Стандарт* 2
Білім беру бағдарламасының мазмұны …….
*Стандарт* 3
Профессорлық-оқытушылық құрамының сапасы …..................…………
*Стандарт* 4
Зерттеу жұмыстарының сапасы .......................….
Стандарт 5
Докторанттарды қолдау жүйесінің тиімділігі ......…………………………
*Стандарт* 6
Оқу ресурсы …………....…………………..……
*Стандарт* 7
Оқыту жүйесінің тиімділігі және қоғамды ақпараттандыру ………….

**3-ТАРАУ**

**ҚОРЫТЫНДЫ** ……………………………………………………………

**ҚОСЫМША**
*Қосымша 1*
Сыртқы сапардың бағдарламасы ………………………………………………
*Қосымша 2*
Сұхбатқа барлық қатысушының тізімі ……………………………………
*Қосымша 3*
ЖОО-да қосымша қаралған құжат тізімі ……………….................................

# 1-ТАРАУ

# САПАРДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МАЗМҰНЫ

## Кіріспе

«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕАҚ Жоғары гуманитарлық мектебі қазақ, орыс филологиясы және журналистика кафедрасына қарасты 8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының өзіндік бағалау есебі және сыртқы аудит бойынша білім беру бағдарламасын мамандандырылған аккредиттеу аясында Білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша тәуелсіз агенттігі (IQAA) сыртқы сарапшыларының келіп қарауы 2024 жылдың 04-05 маусым аралығында өтті.

Сыртқы аудит Білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша тәуелсіз агенттігімен сараптамалық топ жетекшісі әзірлеген және университет басшылығымен келісілген бағдарламаға сәйкес жүргізілді. Жұмысқа қажетті барлық материал (іссапар бағдарламасы, ББ бағдарламасының өзіндік бағалау жөніндегі есебі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын өзін-өзі бағалау рәсімін ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық) сараптау тобының мүшелеріне оқу орнына барғанға дейін беріліп, сыртқы аудит жүргізуге өз уақытында дайындалуға мүмкіндік берді.

ЖОО басшылығымен кездесу сарапшылар тобына ректормен ресми түрде танысуға мүмкіндік берді. Сыртқы сапар бойынша жоспарланған іс-шара аккредиттелетін білім беру бағдарламаларының бағыты бойынша кафедралардың профессорлық-оқытушылар құрамы, магистрант, докторант, түлек, жұмыс берушілермен, университеттің материалдық-техникалық базасымен толық танысуға және сыртқы сарапшыларға университеттің білім беру бағдарламаларын өзін-өзі бағалау бойынша есеп мәліметінің сәйкестігін тәуелсіз бағалауға мүмкіндік берді.

Сарапшылар аккредиттелетін білім беру бағдарламасының бағыты бойынша кафедраны, аккредиттелетін бағдарламасының бағыты бойынша кафедралық ғылыми-зерттеу зертханаларын, тіркеу офисі, кітапхана, жастар саясаты департаменті, оқу-әдістемелік департаменті және оқу аудиторияларын т.б. қарап шықты.

Білім беру бағдарламасын өзін-өзі бағалау бойынша есеп үлкен көлемді ақпараттан тұрады, онда мамандандырылған аккредиттеу стандартына сәйкес құрылымдық бөлімшелердің барлық қызмет саласы талданды, мықты және әлсіз жақтары анықталды, одан әрі дамыту үшін қауіп-қатер мен мүмкіндік анықталды. Сыртқы аудитті жүргізу барысында сарапшылар кафедраның құжатын зерделеуді және құжат айналымымен, оқу-әдістемелік және материалдық-техникалық қамтамасыз етумен егжей-тегжейлі танысу мақсатында аккредиттелетін білім беру бағдарламаларының бағыты бойынша оқу сабақтары аяқталғандықтан, докоранттармен әңгімелесу жүргізілді.

ЖОО-ның материалдық базасы туралы, оқу-әдістемелік және ғылыми үдерісті ұйымдастыру, сұхбат өткізу үшін мақсатты топпен жүздесу ұйымдастыру барысында көзбен көріп, танысу үдерісі жүзеге асты.

Сарапшылар құрылымында 8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасын дайындайтын кафедра, жоғары мектеп, басқа да құрылымдық бөлім мен инновациялық зерттеу орталығы, кітапханасы бар Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетімен көзбе-көз танысты.

Сыртқы аудитті жүргізу барысында 8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ дайындайтын кафедраның және сол мамандықты дайындауға септігін тигізетін құрылымдық бөлімнің оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және материалды-техникалық жағынан дайындығын қамтамасыз ететін құжатына сараптама жасалды. Аккредиттеліп жатқан мамандықтың білім беру бағдарламасымен егжей-тегжейлі танысу үшін кәсіби пәндер бойынша оқу жұмыс бағдарламасы тексеріліп, пәндердің оқу-әдістемелік кешенмен қамтамасыз етілуі қарастырылды. Өзін-өзі бағалау есебі 64 бет мәтіндік материалдан және 76 бет қосымша материалдан тұрады. Есепте негізгі мәселе қамтылған, құрылысы дұрыс берілген. Берілген материалда жалпы және жекелей сараптама қамтылған.

Сыртқы аудит бойынша университет корпустары, спорт залы, кітапхана қоры, жатақхана т.б. құрылымдық ғимараты қаралып, БББ талабына сәйкестігі көрінді. Сондай-ақ 8D01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ құжаты қаралып, сараптама жасалды.

## ЖОО-ның негізгі сипаттамасы

### Білім беру бағдарламасының профилі 8D01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті»

| | |
|---|---|
| Білім беру ұйымының атауы | «Сарсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы |
| Заңды деректемесі | БСН 990240007414<br>ЖСК KZ318560000003051443<br>БИК KCJBKZKX<br>КВЕ 16<br>Өскемен қ., «Банк ЦентрКредит» АҚ ШҚФ |
| Меншік нысаны / ұйым түрі | Коммерциялық емес акционерлік қоғам |
| Құрылтайшы | Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті атынан |
| Ректордың Т.А.Ә. | Төлеген Мұхтар Әділбекұлы, PhD, профессор |
| Байланыс координаты (индекс, пошталық мекенжайы, телефон және факс нөмірі, e-mail, сайт, әлеуметтік | 070002, Өскемен қ., 30-шы Гвардияшылар дивизиясы, 34.<br>Тел: 8 (7232)24-14-71<br>kense@vkgu.kz<br>www.vkgu.kz https://www.vkgu.kz/ru?theme=vkgu<br>Facebook https://www.facebook.com/Восточно- |

| | |
|---|---|
| желі) | Казахстанский-государственный-университет-имени-Сарсена-Аманжолова-687004481431232/?ref=bo<br>Instagram https://www.instagram.com/vkgu_vko/<br>Twitter https://twitter.com/_3744022489972<br>V Kontakte https://vk.com/vkgu_imidzh<br>YouTube https://www.youtube.com/channel/UCo6yF4QlDvusrEH9f_8_nYw |
| Білім беру бағдарламаларының қысқаша сипаттамасы (лицензияның берілген күні, лицензияның нөмірі) | «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі берген 22.02.2020 жылғы KZ74LAA00018463 білім беру қызметіне мемлекеттік лицензия, Астана қ.<br>(1-қосымша) |
| Факультеттің, кафедраның атауы | **Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі,**<br>Қазақ, орыс филологиясы және журналистика кафедрасы |
| Халықаралық және ұлттық рейтинг | Webometrics – 13372 позицияда (Қазақстандағы Қазақстанның 125 ЖОО арасында 38-орын алады);<br>Европалық ARES рейтингі - «АА» категориясы (ҚР 95 ЖОО арасында 5 орын алады);<br>4 International Colleges & Universities бағалауы бойынша – әлемнің 13 600 ЖОО ішінде 5491 позиция (Қазақстандағы 108 ЖОО ішінде 20 орын алады);<br>Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі «IAAR Eurasian University Ranking (IAAR-EUR)» - 15 орын,<br>Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (IAAR) – 7 орын;<br>Білім берудегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз агенттігі (КЕАҚҰ) - 6 орын;<br>Республикалық Рейтинг Агентствосы (РРА) – 15 ішінде 5 орын |
| Есепке байланысты ақпарат алу үшін байланыс тұлғасының аты-жөні, байланыс үшін координаты (ж.тел., моб.т., e-mail) | Сапарова Динара Рахметовна – стратегия, халықаралық ынтымақтастық және аккредиттеу бөлімі басшысының м. а.<br>Контакты: р.т. 8(7232)25-05-97<br>мобил. тел: 87055048714<br>E-mail: omk_vkgu@mail.ru |

## 2-ТАРАУ

## КІРІСПЕ

Сыртқы аудит есебінің нысаны «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕАҚ жоғары оқу орнының 8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы болып табылады. Сыртқы аудит тексеруі 04-05 маусым күндері жүргізілді.

Тексеру барысы 8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» (Қазақ тілі мен әдебиеті педагогін даярлау) БББ Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінде 2018 жылы ашылғанын және 8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» педагогін даярлау БББ докторанттарының білім беру қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 17.05.2019 жылғы №KZ76LAAA00016099 лицензиясы негізінде (ҚР БҒМ 17.05.2019 жылғы №444 бұйрығы) қазақ, орыс филологиясы және журналистика кафедрасында жүзеге асырылатынын көрсетті.

Осы білім беру бағдарламасын қазақ, орыс филологиясы және журналистика кафедрасының оқытушылары жүзеге асырады: 1 ғылым докторы, 7 ғылым кандидаты бар. Ғылыми дәрежесі бар оқытушылардың көрсеткіші биылғы оқу жылында – 56,2 %. ПОҚ-тың орташа жасы – 52,2 жас.

Докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы (ҒЗЖ) 8D01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті педагогін даярлау БББ негізгі проблематикасы мен кафедраның ғылыми бағыттарына сәйкес келеді.

Кафедра жұмысы оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік, оқу-тәрбиелік бағытында жүргізіледі. Кафедраның ғылыми-әдістемелік жұмысының негізгі бағыты – қазіргі қазақ тіл білімі мен қазақ әдебиеттануының салалары, қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі мәселесі.

Кафедра ұжымы Европалық білім беру кеңістігіндегі біліктіліктің (Дублин дескрипторының) бірінші деңгейі бойынша мамандар даярлайды.

Аталған бағдарлама аясында тіл мен әдебиеттің жаңа парадигмасын дамытатын, Қазақстанның ғылым және білім беру орталығында заманауи зерттеу жүргізуге ықпал ететін, сондай-ақ өз жұмыс нәтижесі үшін қоғам мен мемлекет алдында жауапкершілігін түсінетін құзыретті мамандар даярлануда. 8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» бағытында дайындалатын докторанттардың кәсіби қызметі мәдениет және басқарма, білім беру, тұлғааралық және мәдениетаралық, тілдік, гуманитарлық білім мен филология аясында іске асырылады.

Есептің мамандандырылған аккредиттеу стандарты мен өлшеміне сәйкестігін эксперттік талдау барысында мыналар анықталды.

*Бағдарламалық аккредиттеу стандартына сәйкестігі*

# СТАНДАРТ 1.
# АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ ЖӘНЕ САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ

***Дәлелдеме және талдау:***

8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының мақсаты университет миссиясы, мақсаты мен міндетіне сәйкес іске асырылады. Білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеті университеттің бәсекеге қабілетті маман даярлауға бағытталған миссиясына сәйкес құрылған. 8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасын жүзеге асырудың мақсаты – ғылыми және кәсіби лингвистикалық білімге ие, кәсіби мамандығы бойынша ғылыми ақпаратты игеріп және қолдана білетін, заманауи ақпараттық технологияны меңгерген, басқару және зерттеу қызметін табысты атқара алатын, қазіргі ғылыми және практикалық мәселені шеше және құра білетін жоғары білікті маман дайындау.

Мақсатқа қол жеткізудің тиімді механизмі бар және ол үнемі толықтырумен өңделіп отырады. Білім беру бағдарламасы бойынша маман даярлауда ұлттық және аймақтық мүдде ескерілген.

Білім беру бағдарламасын жетілдіру мен түзету жұмысында жүйелілік принципі басшылыққа алынатынын жыл сайын Ұлттық білім және жоғары білімнің Еропалық стандарты аясында жүргізілетін іс-шара жоспары айғақтайды. Білім беру бағдарламасының сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясатын мониторингтеу, тиімділігін бағалау, қайта қарау әдісі ретінде, университеттің тиісті құрылымдық бөлімшесінде үнемі сауалнама жүргізілетіні, оның нәтижесі және кері байланыс түрі талданып отыратыны да расталды. ПОҚ және докоранттармен сұхбат барысында олардың мамандандырылған аккредитацияның мақсат-міндетімен, сондай-ақ университет және кафедра миссиясымен жақсы таныс екені байқалды.

ЖОО-ның академиялық дербестігін кеңейту олардың бәсекеге қабілеттілігін нығайтуға ғана емес, сонымен бірге өз қызметінің нәтижесіне, маман даярлау сапасына әлеуметтік жауапкершілікті арттыруға, өскелең ұрпақтың заманауи дүниетанымын қалыптастыруға бағытталған. Дәл осы ұстаным С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің миссиясы, пайымдауынан және оның Академиялық саясатында көрініс тапқан.

Сапа саласындағы БББ басқару саясаты зерттеу, оқыту және оқу арасындағы байланысты көрсетеді. Осылайша, оқу орнында С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің 2020-2025 жылдарға арналған даму бағдарламасы қабылданған («С.Аманжолов атындағы ШҚУ» КЕАҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 21 желтоқсандағы № 6 хаттамасымен шешімімен бекітілген), оған сәйкес университет дамуының стратегиялық бағыты айқындалады: университетті басқару жүйесін дамыту, кадр саясаты,

академиялық стратегиясы, ғылыми-инновациялық қызметті дамыту, халықаралық ынтымақтастықты кеңейту, білім беру саясаты, материалдық ресурс пен инфрақұрылымды дамыту, университеттің қаржылық стратегиясы.

8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ-ның білім алушылары мен оқытушылары ББ-ның миссиясын, мақсатын, міндетін жақсы түсінеді және қабылдайды, себебі даму стратегиясын әзірлеу және талқылау үдерісіне қатысады. Университеттің сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаты Ғылыми кеңестің шешімімен талқыланып, бекітілген (01.09.2021 ж. №1 хаттама). Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясатты қайта қарау Мемлекеттік бағдарламалық құжатта, ҚР БҒМ нормативтік құжатында, ЖОО жарғысында, университеттің академиялық саясатында және т.б. өзгеріске байланысты қажеттілігіне қарай жүзеге асырылады.

Барлық докторлық жазба жұмысы «Антиплагиат» жүйесі арқылы өтеді, ал ауызша емтихан кезінде қоғамдық бақылау тобы жұмыс істейді. Академиялық адалдық принципі университет студенттері мен оқытушылары үшін нормаға айналуда.

Ол сәйкестікке БББ құжатымен, университеттің стратегиялық жоспарымен танысу барысында және сараптамалық жұмыс жүргізу кезінде көзіміз жетті.

Атап айтқанда, докторантураға «магистр» дәрежесіндегі кемінде 9 ай жұмыс өтілі бар адамдар қабылданады. Докторантураға түсушілер жалпыеуропалық құзыретке *(стандартқа)* сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификат (IELTS, TOEFL) ұсынады. Ақылы негізде докторантураға қабылдау докторантураның білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша түсу емтиханының қорытындысы бойынша шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификат болған кезде жүзеге асырылады, 100-ден кемінде 75 балл жинауы қажет.

8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті педагогін даярлау» БББ контигентінің портфолиосын зерделеу барысында осыған көз жеткіздік.

Жүргізілген әлеуметтік сауалнаманың нәтижесі ЖОО-ны одан әрі дамыту бағдарламасын жасау кезінде, мамандарды даярлау сапасын жетілдіру, аттестаттау және лауазымға сайлау, ПОҚ жалақысын саралау жөніндегі шараны әзірлеу үшін пайдаланылады.

ББ ұзақ мерзімді бағытын жетілдіру және түзету, сыртқы орта жағдайының өзгеруіне сәйкес жаңа мақсат қою үшін кафедра жетекші ғалымдармен кездесу және кеңес өткізеді, онда оқу жоспарының, пәндер силлабусының мазмұны талқыланады, ББ мазмұнын жақсарту бойынша ескерту мен ұсыныс айтылады. Ұсыным негізінде элективті пәндердің мазмұнына өзгеріс енгізіледі. Бұл ББ сапасын жақсартуға және оны жоғары оқу орындарында әдебиет пен лингвистиканы оқытудың жаңа әдіснамалық тәсілінің перспективалық бағытына бейімдеуге ықпал етеді.

Оқу орнында 8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті педагогін даярлау» БББ бойынша маман даярлау 2018 жылдан жүзеге асырылады. Атап айтқанда, аталған білім беру бағдарламасына сәйкес мамандарды Гуманитарлық

жоғары мектебінің қазақ, орыс филологиясы және журналистика кафедрасы даярлайды.

8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті педагогін даярлау» білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – еңбек нарығында сұранысқа ие жоғары білікті педагог кадрлар даярлау, жоғары әлеуметтік және азаматтық жауапкершілігі бар бәсекеге қабілетті докторанттардың негізгі және арнайы құзыретін қалыптастыру, докторанттардың қазіргі заманғы филологиялық процесс пен құбылысты талдаудың ғылыми-зерттеу және практикалық әдісін меңгеруі, жалпыадамзаттық және дүниетаным мен ғылыми ойлау контекстіндегі әлеуметтік-жеке құндылық.

Докторанттармен, профессорлық-оқытушылық құраммен *(А.М.Картаева, С.Т.Касенов, А.Ә.Әлімхан, А.Ж.Берикболова, Р.К.Нурбекова, К.Р.Жириндинова, Г.М.Нуралинова, Е.Ж.Сейтембетов, Ә.А.Өскембай)* және құрылымдық бөлімше жетекшілерімен *(Е.Б.Домалатов, Д.Р.Сапарова, Д.Қ.Нигманова, Г.Д.Шарапиева)* сұхбат барысында олардың барлығы 8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті педагогін даярлау» білім беру бағдарламасының модульдік кешенімен жеткілікті деңгейде таныстығы анықталды. Білім алушылар да, түлектер де БББ шеңберіндегі құзыреттілік талабын және бітіруші моделін толық біледі. Пән силлабустары БББ модульдік кешеннің құзыреттілік талабы және білім беру нәтижесіне сай жасалған.

8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті педагогін даярлау» білім беру бағдарламасын құрастыру кезінде жұмыс берушілермен, практика базасының басшыларымен, түлектердің кәсіби дағдысын дамытуға мүдделі ұйым өкілдерімен ынтымақтастық жүргізіледі, олардың мүддесі элективті пәндер каталогын, докторлық диссертация тақырыптарының тізбесін жасау кезінде ескеріледі.

Мәселен, кафедраның практика базасы болып табылатын Қазақстан-Американдық еркін университетінің педагогика және психология кафедрасында *(17.01.2022 ж. С.Аманжолов атындағы ШҚУ және Қазақстан-Американдық еркін университеті арасында өзара ынтымақтастық туралы меморандум, 20.03.2022 ж. магистрант пен докторанттарды зерттеу практикасы және ғылыми тағылымдамадан өткізу туралы келісімшарт)* болу кезінде профессорлық-оқытушылық құрам, соның ішінде кафедра меңгерушісі, ф.ғ.к., қауымдас. профессор Ә.Н.Нұрланова, жетекші маман, аға оқытушы Г.Еділбаева жоғарыдағы жазғандарды растап, ШҚУ докторанттарының ғылыми-теориялық әлеуетін жақсы атап, оң пікір білдірді.

Сыртқы сарапшылар университеттің жеткілікті материалдық-техникалық базасының, мамандандырылған зертхана мен кабинеттердің, ақпараттық технология мен ресурсты дамытудың жоғары деңгейінің, кафедраның іс-тәжірибе базасының болуы, практик қызметкерлерді оқытуға тарту, ПОҚ біліктілігін тұрақты арттыру, жергілікті атқару органының тапсырысы бойынша оқитын білім алушылардың болуы университеттің білім берудегі

сапа мен адалдық саясатын қамтамасыз етуге толық кепіл болады деп санайды.

ЖОО жетістігін бағалаудың басты критерийі жұмысқа орналастыру болып табылатын қазіргі жағдайда 8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті педагогін даярлау» БББ-сы бойынша докторанттардың жұмысқа орналасуының өсу үрдісі байқалады, бұл – осы өңірде қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің сұранысқа ие екенін көрсетеді.

***Ескерту:*** жоқ.
***Жақсарту шарасы:*** жоқ.
**1-стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкестік**

## СТАНДАРТ 2.
## *БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ*

***Дәлелдеме және талдау:***

Сөз болып отырған 8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті педагогін даярлау» білім беру бағдарламасының мазмұны университеттің білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту жөніндегі ішкі ережеге сәйкес әзірленген және бекітілген. Білім беру бағдарламасы қолданыстағы *(ҚР ҒжЖБМ 19.01.2023 ж. №21 бұйырығымен енгізілген өзгерістерге дейін)* «Жоғары білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына» сәйкес құрастырылған. Атап айтқанда, БББ бағытының коды мен атауы реестрге сәйкес. БББ модульдік кешенінің мазмұны мен құрылымы Балон үдерісі мен ҚР ҒжЖБМ талабына сай. БББ әзірлеуде арнайы жұмыс тобы жұмыс жасайды, оның құрамына кафедра меңгерушісі, тәжірибелі оқытушылар, жұмыс берушілер тарапынан құзыретті мамандар, білім алушылардың өкілдері тартылған. Аудит барысында олардың бірқатарымен сұхбат өткізілді.

8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті педагогін даярлау» БББ модульдік кешенінде қолданыстағы стандартқа негізделген және Дублин дескрипторымен, еуропалық және ұлттық біліктілік шеңберімен үйлестірілген, жұмыс берушілердің ұсынымына сәйкес келтірілген, студенттердің, түлектердің пікірін, еңбек нарығының сұранысын, университеттің миссиясын ескере отырып, болашақ маманның құзыреттілік моделі жасалған, оқыту нәтижесі анықталған. Білім беру бағдарламасы сұранысқа ие. Бұл БББ дамыту жоспарының ұзақ мерзімді шарасына сәйкес келеді. БББ білім берудің үшінші сатысы ретінде ЖОО-дағы аталған сала бойынша білім алуды тиянақтайды.

Болашақ маманның құзыреттілік моделін қалыптастыратын және оқыту нәтижесіне қол жеткізетін БББ мазмұны құрылымдық элемент ретінде модульге сәйкес әзірленген. Модуль арасындағы логикалық байланыс ескеріледі және пәндерді кешенді оқыту кезінде оқу материалының қосарланбауы қамтамасыз етілген.

БББ еңбек сыйымдылығы сақталған. Білім беру бағдарламасының жалпы еңбек сыйымдылығы – 180 кредит. Теориялық білім беру бойынша, оның ішінде базалық пәндерге 20 кредит, бейіндік пәндерге 5, ғылыми-зерттеу жұмысына 123 кредит, практикаға 20, қорытынды аттестацияға 12 кредит бөлінген.

Базалық пәндерді табысты игеру докторанттарға ғылыми әдебиеттермен жұмыс істеу дағдысын алуға, зерттеу тақырыбы бойынша әдеби және басқа да дереккөзді электронды іздестіруді орындауға, рейтингілі журналда мақала жариялауға, ДҒЗЖ жоспарына және негізгі бөліміне сәйкес өз бетінше зерттеу жүргізуге, эксперименттік деректі статистикалық өңдеуді орындауға мүмкіндік береді.

БББ мазмұнында элективті пәндердің үлесі қажетті мөлшерде, бұл ретте МЖМБС талабына сай.

БББ игерудегі теориялық білімді тәжірибеге ұштастырудың міндетті кезеңі – практикадан, ғылыми тағылымдамадан өту. Кафедрада практика мен ғылыми тағылымдама іс-тәжірибені ұйымдастырудың академиялық күнтізбесіне сәйкес және уақытылы атқарылады.

8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті педагогін даярлау» ББ мазмұны докторлық диссертацияны орындауды қоса алғанда, докторанттарды практикалық даярлауды – педагогикалық оқытуды ұйымдастыру мен өткізуді және зерттеу практикасын, сондай-ақ ҒЗЖ жүргізуді, шетелдік ғылыми тағылымдамадан өтуді қамтиды.

Практиканың түрі бойынша практиканы ұйымдастыруға негіз беретін практика база мен университет арасындағы екіжақты және докторанттармен арадағы үшжақты шарт жасалған.

Зерттеу тәжірибесінің мазмұны докторлық диссертация тақырыбымен анықталады. Зерттеу практикасы докторлық диссертация қорғалатын білім беру бағдарламасының негізгі проблемасына сәйкес келеді, ғылым мен практиканың қазіргі теориялық, әдістемелік және әдіснамалық жетістігіне, зерттелетін мәселе бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми-теориялық тәсіліне негізделген. Университет зерттеу практикасының базасы ретінде М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтымен келісім жасаған.

Докторанттардың шетелдік ғылыми тағылымдамасын өткізу базасы – Түркияның Стамбул университеті, Эге университеті және Фырат университеті.

Кафедраның барлық курсы бойынша электронды және қағаз тасымалдағыштағы пәндердің оқу-әдістемелік кешені әзірленген, онда курсты оқу үшін барлық қажетті оқу-әдістемелік материал ұсынылған. Силлабустар докторантқа қажетті барлық құрылымдық бөлімді қамтиды. Білім алушыларға пәнді игеруге қатысты толық мәлімет пен ақпарат бере алады.

Жұмыс берушілер БББ-ны жасауға және жетілдіруге белсенді қатысады. Мысалы, 2021-2022 оқу жылында білім беру бағдарламасын талқылау ұйымдастырылып *(2022 жылдың 3 сәуіріндегі №8 хаттамадан көшірме)*,

Қазақстан-Американдық еркін универсиетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к. Ә.Н.Нұрланова «Фольклор мен әдебиеттің типологиялық байланыстары» пәнінің орнына «Әдебиеттегі реминисценция және интермәтінділік» пәнін енгізуді ұсынған. Ол жаңа пәнді қосуды теориялық, әрі әдіснамалық білім беруді бірдей көздейтін бірегейлігімен негіздеген. Нәтижесінде ЖОО-ның Ғылыми кеңесімен 2022-2023 оқу жылына арналған БББ-ның элективті пәндер каталогына енгізілген. 2023 жылдың 25 сәуіріндегі №9 хаттаманың көшірмесіне сәйкес ШҚУ-дың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі проректоры Д.Ерболатұлы БББ-да қарастырылған пәндердің «қазіргі білім беру стандартына сәйкес жасалғанына және қазіргі жұмыс берушілердің талабына сәйкес құралғанына тоқталған».

Сондай-ақ БББ-ны әзірлеуде докторанттардың да пікірі ескерілген. Айталық, 2019-2020 оқу жылында – докторант М.Қ.Мұқашева; 2021-2022 оқу жылында – докторант Ж.Б.Болатбекова; 2023-2024 жылдары – докторант Г.Т.Құрманғалиева БББ-ны әзірлеудің жұмыс тобына қатыстырылған.

Жалпы, жоспарлы оқу және ішкі нормативтік құжаттама кредиттік технология бойынша оқу процесін ұйымдастыруға қойылатын талаптың сақталғанын куәландырады.

***Ескерту:*** жоқ.

***Жағымды тәжірибе:***

1) С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті 8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ бітірушілерінің жұмысқа орналастыру пайызы жоғары, бұл – осы білім беру бағдарламасының еңбек нарығындағы қажеттілігінің дәлелі болып табылады.

2) Білім беру бағдарламасын құрастыруға аталған БББ-ның білім алушыларының тікелей қатыстырылып, олардың ой-пікірінің ескерілуі назар аударарлық.

***Жақсарту шарасы:***

Білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында оқу үдерісіне осы мамандықтың шифрына сәйкес келетін танымал отандық ғалымдарды да шақыруға көңіл бөлгені дұрыс болар еді.

**2-стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкестік**

## СТАНДАРТ 3.
## ПРОФЕССОРЛЫҚ-ОҚЫТУШЫЛЫҚ ҚҰРАМНЫҢ САПАСЫ

***Дәлелдеме және талдау:***

Кадрларды жұмысқа қабылдау және орналастыру Қазақстан Республикасының 23.11.2015 жылғы «Еңбек кодексіне», ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес конкурстық негізде ҚР БҒМ 23.04.2015 жылғы №230

бұйрығымен бекітілген «Жоғары оқу орындарының ПОҚ және ғылыми қызметкерлері лауазымдарына конкурстық орналасу қағидаларына» және ішкі нормалық құжатқа сәйкес жүзеге асырылады.

ПОҚ лауазымына қабылдауға кандидатты іріктеу университеттің конкурстық комиссиясының отырысында жүргізіледі. Конкурстық комиссияның құрамы университет ректорының бұйрығымен бекітіледі. ПОҚ және ЖОО қызметкерлеріне қатысты орын ауыстыру, жұмыстан босату рәсімін университет бөлімшесі – адам ресурсын дамыту департаменті жүргізеді. ПОҚ-ның құқығы мен міндеті уақыт талабына сәйкес кезең-кезеңімен өзектендірілетін лауазымдық нұсқаулықпен айқындалады. Барлық кадрлық рәсім жоғары оқу орнының барлық қызметкеріне уақытылы жеткізілетін бұйрықта көрсетіледі.

Кадрлардың тоқтамауын төмендету мақсатында ынталандыру жүйесі қолданылады: ПОҚ қызметіне мониторинг жүргізіледі, ректордың бұйрығымен жалақыға үстемеақы белгіленеді. Атап айтқанда, импакт-факторы жоғары халықаралық журналда ғылыми жарияланым үшін сыйақы төленеді. Белгілі бір жетістікке, айтулы күнге байланысты ақшалай сыйақы төлеу арқылы қызметкерлер алғыс хатпен марапатталады және материалдық тұрғыдан көтермеленеді.

Бағдарлама түлектерін даярлау сапасына көбінесе қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының профессорлық-оқытушылық құрамының кәсіби деңгейі ықпал етеді.

8D01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті педагогін даярлау» ББ-ға қазақ, орыс филологиясы және журналистика кафедрасының профессорлары мен қауымдастырылған профессорлары қызмет көрсетеді, оның ішінде 1 ғылым докторы, 7 ғылым кандидаты бар.

Кафедраның ПОҚ кәсіби педагогикалық және ғылыми дамудың жоғары әлеуетіне ие. Көптеген оқытушы мамандарды даярлаудағы жемісті жұмысы үшін бірқатар грамота және алғыс хатпен марапатталған. Мәселен, 2022 жылы университеттің 70 жылдығына орай кафедраның жетекші оқытушылары Б.Б.Келгембаева, А.М.Картаева, Қ.Т.Барбосынова, Ж.Қ.Қайырбаева, А.М.Сапанова мерейтойлық медальға, ал кафедра оқытушылары А.Қ.Сейпутанова, А.Ә.Әлімхан, Б.Н.Бияров, Қ.Т.Барбосынова, Ж.Қ.Қайырбаева ҚР ҒжЖБМ-нің Құрмет грамотасына, Алғыс хатына ие болды.

Кафедра ПОҚ біліктілік деңгейі 8D01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті педагогін даярлау» БББ бойынша ғылыми даярлықтың жоғары деңгейіне сәйкес келеді. ПОҚ өзінің кәсіби және педагогикалық құзыретін дамытумен, оның ішінде тиісті сертификатпен расталған оқытылатын пәндер бейіні бойынша кафедраның ПОҚ біліктілігін арттыру курсынан өтумен үнемі айналысады.

Ғылыми жетекші мен консультанттың біліктілігі ҚР БҒМ және ҚР ҰӘҚ талабына жауап береді. Кафедра ғалымдарының ғылыми лингвистикалық және әдеби зерттеуде мол тәжірибесі бар, ОӘК әзірлеу, оқулық, монография,

оқу-әдістемелік құрал шығару арқылы ББ жетілдіруге қатысады. Есепті кезеңде 9 оқу және оқу-әдістемелік құрал, 7 монография жарық көрген.

ПОҚ-тың импакт-факторы жоғары халықаралық *(Thomson Reuters, Scopus)* және ҚР ҒжЖБМ Ғылым комитеті тізбесіндегі журналдағы ғылыми жариялану белсенділігі жоғары. Есепті уақытта ПОҚ-тың мынадай халықаралық жарияланымы бар:

1. Aimukhambet, Z.A.Zhumagazina, A.Dalelbekkyzy, A.Aituganova, S.Sh.Seiputanova, A.K.Mypthicalsympolism in structure of meta-text / Scopus журнал «Astra Salvensis» (Romania), ISSN: 2393-4727. – 2021. - V. 2021. – P. 199 – 210 https: // www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85107032435&origin=resultslist&sort=plf-f&src=s&st1=Aimukhambet&st2=&nlo=1&nlr=20&nls=count-
2. Aimukhambet, Z.Aituganova, S.Alimbayev, A.Sagynadin, G.Seiputanova, A.The Impact of Online Technologies Supported by the Teaching of Poetry Poetology on the Achievements and Attitudes of Students / International Journalof Educationin Mathematics, Scienceand Technology Открытый доступ Том 11, Выпуск 3, С. 662 – 682. – 2023 https: //www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85161358181 &origin=resultslist&sort=plf-f&src=s&st1=Seiputanova&st2=A&nlo=1&nlr=20&nls=afprfnm-t&sid=1627822ebbc722bfa7c5a692d53820e4&sot=anl&sdt=aut&sl=44&s=AU-ID%28
3. Gulnara Tazhenova, Yerepbayev Nurlan, Kasenov Saken Tokanovich, Абилбакиева Галия Development of students' professional skills through media technologies// World Journal on Educational Technology: Current Issues, том 14, выпуск 5 (2022), 1634-1641
4. Shynar B. SEIITOVA, Serikkul K. SATENOVA, Assem A. KASSYMOVA, Farida A. GAINULLINA, Berdibek N. BIYAROV.Linguo-Cultural Peculiarities in Geographic Names of Ayagoz Region ASTRA Salvensis, Supplement no. 1/2021
5. Laura N. Daurenbekova, Aizhan M. Kartayeva, Zeinep N. Zhumatayeva, Gulnara Sh. Bekenova, Assem N. NurlanovaThe first educational directions and issues of literary translation in the Kazakh steppe // Cadernos de Tradução, 44(1), 2024 Graduate Program in Translation Studies Federal University of Santa Catarina, Brazil. Ihttps://periodicos.ufsc.br/index.php/traducao/article/view/95583

Тексеру уақытына жататын кезеңде кафедра докторанттарына *(М.Қ.Мұқашева, (2018 жылы түскен), Ж.Б.Болатбекова, А.А.Азатбақыт (2020 жылы түскендер, Г.Т.Құрманғалиева (2021 жылы түскен)* А.М.Картаева, *Ж.Қ.Қайырбаева (2023 жылы түскен)* Р.С.Рахметова ғылыми кеңесшілік жасайды. Қазақстандық ғылыми кеңесшінің ғылыми жетекшіге қойылатын жалпыміндетті жоғары және ЖОО-дан кейінгі білім беру стандарт талабына толық сәйкес келеді.

А.М.Картаева 1996 жылы Шығыс Қазақстан университетін «Қазақ тілі мен әдебиеті» филология бакалавры мамандығы бойынша үздік бітірген *(Диплом ЖБ 0012489, 21.06. 1996 ж. МАК-тың шешімімен «филолог,*

*оқытушы» біліктілігі берілген).* 1998 жылы Шығыс Қазақстан университетінің магистратурасын «Филология (Әдебиеттану)» мамандығы бойынша тәмамдаған *(02.07.1998 ж. МАК-тың шешімімен «ғылым магистрі» академиялық дәрежесі берілген).* 2002 жылы Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің диссертациялық кеңесінде кандидаттық диссертация қорғаған *(ҚР БжҒМ ЖАК 2002 жылғы 23 қазандағы шешіміне (№44 хаттама) сәйкес 10.01.02 - Қазақ әдебиеті мамандығы бойынша филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесі берілген. 2010 жылы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының* диссертациялық кеңесінде докторлық диссертация қорғаған *(ҚР БжҒМ БжҒСБК-нің 2011 жылдың 2 наурызындағы шешіміне (№1 хаттама) сәйкес 10.01.02 - Қазақ әдебиеті мамандығы бойынша филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесі берілген.*

А.М.Картаева – филология ғылымдарының докторы, профессор, «Жоғары оқу орнының 2012 және 2023 жылғы үздік оқытушысы», ғылыми-әдістемелік еңбектерімен республикаға танымал, абайтану және әуезовтану саласында ірі зерттеулер жазған ғалым. Оның ғылыми жетекшілігімен 2019 жылы Польшаның Свече қаласындағы Лингвистикалық-техникалық университетінің базасында «Абай» мәдени оқу орталығы ашылды. С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінде 2020 жылы «Абайтану» ғылыми-зерттеу институты ашылған.

Картаева А.М. Шығыс Қазақстан облысының жалпы білім беретін мектептеріне арналған «Абайтану» аймақтық оқу бағдарламасын және «Мұғалім кітабын» құрастырып, қолданысқа енгізген. Республикалық «Абай» желілік мектептеріне арналған 5-8-сыныптарға және 9-11-сыныптарға арналған оқу бағдарламасын жазған.

А.Картаеваның ғылыми жетекшілігімен «6D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының докторанты Мукашева Меруерт Қозықанқызы 2023 жылдың 29 желтоқсанында Л.Гумилев атындағы ЕҰУ-да «М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын Қ.Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы арқылы оқыту әдіснамасы» тақырыбында докторлық диссертациясын сәтті қорғаған.

А.М.Картаева «ORHUN» халықаралық бағдарламасымен 05.02 – 18.02.2024 ж. аралығында Эге университетінде академиялық ұтқырлық бойынша дәріс оқыған *(Түркия Измир қ.).*

Кафедраның ПОҚ-ы ғылыми-зерттеу жұмысымен белсенді айналысады, нәтижесі оқу үдерісіне енгізіледі. Соның ішінде А.М.Картаеваның ҚР БҒЖБ республикалық оқу-әдістемелік кеңесі бекіткен «Абайтану», «М.Әуезов және абайтану мәселелері» атты оқулық, оқу құралы, ШҚУ Ғылыми кеңесі бекіткен «Абайдың «Толық адам» ілімін оқыту», «Әдеби өлкетану» оқу құралдары негізінде «Абайтану», «М.Әуезов және абайтану мәселелері», «Абайдың «Толық адам» ілімін оқыту», «Әдеби өлкетану» курстарын атауға болады.

Жалпы, ЖОО докторанттарға ғылыми басшылықты жүзеге асыратын ПОҚ біліктілігін арттыру үшін жағдай жасайды.

***Ескерту:***

8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ бойынша оқытылатын пәндерге сәйкес келетін жоғары білікті ПОҚ, соның ішінде ғылым докторлары штатпен толық қамтылмаған. Мәселен, Абай ат. Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті қазақ тілі теориясы және оқыту әдістемесі кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы Рахметова Райгүл Сәдуақасқызы ішкі қоса атқарушылық (внутренный совместитель) қызметке алынған, ал кадр қызметінің штатында ол PhD докторы деп көрсетілген.

***Жақсарту шарасы:***

1) білім беру бағдарламасы бойынша оқытылатын пәндерге сәйкес келетін жоғары білікті оқытушыларды, яғни ғылым докторларын штатқа толық қамту;

2) ББ бағдарламасына сәйкес құжаттаманы құжаттау барысындағы атқарылатын жұмыстың ауқымды болуына байланысты жұмысты қазақ, орыс филологиясы және журналистика кафедрасының бір-екі ғана оқытушы атқаратындықтан, ол оқытушылардың жұмыс уақытының басым бөлігі оқу құжатын рәсімдеуге жұмсалатыны байқалды. Сондықтан 8D01701 - «Қазақ тілі мен әдебиетінің» БББ-сын жеке кафедра ретінде бөліп шығаруды немесе басқа да жақсарту шарасын қарастыру қажет деп санаймыз.

3) 2020 жылы ашылған «Абайтану» ғылыми-зерттеу институтының тұрақты штаты 1 ғана бірлікті қамтиды. Бір ғана адамның аталған институттың бүкіл жұмысын толыққанды атқаруы мүмкін емес, сондықтан алдағы уақытта хакім Абайдың шығармашылығын танып-білуді жаңа сапалық деңгейге көтеру үшін ғылыми қызметкерлердің штаттағы санын арттыруды қолға алу;

4) ПОҚ-тың рейтінгісі жоғары журналдарда жарияланатын ғылыми мақала санын әлі де көбейту.

**3-стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – елеулі сәйкестік**

## 4-СТАНДАРТ
## ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНЫҢ САПАСЫ

***Дәлелдеме және талдау:***

PhD докторанттарын оқытуды іске асыру Қазақстан Республикасының заңнамасына және Зальцбург қағидатына сәйкес жүзеге асырылады. Олар жоғары білікті кадрларды даярлау жүйесін дамыту бойынша практикалық ұсынысты көрсетеді және Болон процесі шеңберінде докторлық бағдарлама мен ғылыми кадр даярлаудың негізгі рөлін сипаттайды.

Университетте докторанттар үшін диссертация шеңберінде ғылыми-

зерттеу жұмысын жүргізу, диссертациялық жұмысты, ғылыми мақала дайындау, халықаралық конференцияға қатысу және ҚР заңнамасына және халықаралық талапқа сәйкес ғылыми тағылымдамадан өту кезінде барлық жағдай жасалған. Сондай-ақ докторанттың өзін-өзі тәрбиелеуі үшін барлық қажетті жағдай бар *(ғылыми конкурсқа қатысу, мақала жариялау, кітапхана қоры, интернет, шығармашылық қабілетін дамыту мүмкіндігі).*

Кафедрада 2018 жылы – ақылы оқу негізінде – 1; 2020 жылы – 2 грант; 2021 жылы – 1 грант; 2023 жылы – 1 грант бойынша оқитын докторант қабылданған.

Докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы (ҒЗЖ) 8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті бойынша педагог даярлау» БББ негізгі проблематикасына сәйкес келеді; докторлық диссертацияның тақырыбы өзекті, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығын қамтиды; ғылым мен практиканың қазіргі заманғы теориялық, әдістемелік жетістігне негізделеді; компьютерлік технологияны қолдана отырып деректі өңдеу мен түсіндірудің қазіргі заман әдісіне негізделеді; ғылыми зерттеудің заманауи әдісін қолдану; негізгі қорғалатын ереже бойынша ғылыми-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімнен тұрады, еңбек нарығында өзіндік ерекшелігі және сұранысымен ерекшеленеді.

Отандық және шетелдік кеңесшілер диссертацияны табысты дайындауға және қорғауға, диссертация шеңберінде жүргізілген зерттеудің нәтижесін дайындауға және жариялауға ҚР заңнамасына және халықаралық талапқа сәйкес ықпал етеді.

Кафедраның жетекші ғалымдарының ғылыми зерттеулері Оңтүстік Қазақстанның Этнопсихолингвистикалық мектебін құруға негіз болды, оның бағыты әлемнің тілдік бейнесі, сөйлеу қызметінің теориясы, мәдениетаралық коммуникация, елдің оңтүстік аймағының вербалды емес мәдениетаралық коммуникациясын зерттеу болып табылады.

Докторлық диссертацияның тақырыбы кафедраның ғылыми жетекшілері мен бағытының зерттеуіне сәйкес жасалған. Бұны мынадай диссертация тақырыптары растайды. Айталық, кафедраның ғылыми бағыты «М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын Қ.Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы арқылы оқыту әдіснамасы» мен «ЖОО-да Абай шығармаларын ағылшын тіліндегі аудармасымен салыстыра оқыту арқылы этномәдени құзыреттілікті дамыту» болса, докторант А.А.Азатбақыттың тақырыбы «Жоғары мектепте М.Әуезов әңгімелерін оқыту әдістемесі», докторант Г.Т.Құрманғалиеваның тақырыбы «Абайтану пәнін орта мектепте оқытудың теориясы мен әдістемесі» және докторант Ж.Қ.Қайырбаеваның тақырыбы «Мектеп оқушыларының сөзсаптамын тілдесім әрекеті арқылы дамытудың әдістемесі (10-11-сынып)» деп алынған. Жоғарыда аталған диссертация тақырыптарының қай-қайсысы да тілтану, әдебиеттану ғылымы мен оларды оқытудың әдістемесі тұрғысынан өзекті болып келеді.

Докторанттардың ғылыми зерттеуді орындауы білім алушылардың базалық *(ЖОО компоненті: «Педагогиканың философиясы және методологиясы», «академиялық жазу», «ғылыми зерттеу әдістері»)* және бейіндік пәндерді *(таңдау компоненті: 2019-2020, 2020-2021 - 1. Ғылым мен білім берудегі педагогикалық технология. 2. Тілдік жүйе және лингвостилистика мәселелері, 2022-2023 - Әдебиеттанудағы әдіснамалық мектептер*) пәндерді 1-семестр бойында меңгеруімен қамтамасыз етілген пәнаралық тәсілге негізделген.

Докторанттың ҒЗЖ-ны бақылау ғылыми кеңесші мен кафедра тарапынан да, ЖОО-ның Ғылыми координациялық кеңесінде де жүйелі жүргізіліп отырады. Ағымдағы бақылауды кафедра оқу жылы көлемінде жүзеге асырады. Кафедра отырысында талқылай отырып, алынған нәтиже туралы докторанттың жазбаша есебін тыңдайды. Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесін әр семестрде докторанттар ғылыми жетекші бекітетін ДҒЗЖ-ны орындау туралы жазбаша есеп түрінде ресімдейді.

Жалпы, университетте докторанттардың бекітілген жеке жұмыс жоспары шеңберінде өткізілетін ДҒЗЖ аттестаттау және бағалау жүйесі жұмыс істейді, ол ішкі оқу-әдістемелік құжатпен реттеледі. Жеке жоспар докторанттың бүкіл оқу кезеңін қамтиды. ДҒЗЖ-ның орындалуын талдау әр семестрдің соңында аттестаттау негізінде жүргізіледі. Бұл аттестацияның барлығы кафедра және ҒКК отырысының хаттамаларында көрініс тапқан.

Докторант М.Мұқашеваның Scopus дерекқорына кіретін журналда 1 мақаласы жариялаған. Атап айтқанда, *The issues of metaphoric competence development on the basis of literary heritage // Предметная область – искусство и гуманитарные науки; общественные науки. SJR за 2018 г. Maracaibo-Venezuela Opcion-2019. – V.35. – Iss. № 88. – P. 584-604. Scopys – ISSN 1012-1587. Cite Scoreравный 0,19.*

М.Мұқашева Халықаралық шетелдік ғылыми конференцияда ағылшын тілінде баяндама жасап, жариялады:

**1.** Mukasheva M.K.«Teaching M. Auezov's Epic Novel «The Way of Abai» at School».Preminary Program of Ninth International Scientific Conference «Cultural and Historical Heritage: Preservation, Presentation, Digitalization» – KIN 2023 Veliko Tarnovo, Bulgaria and online. 21 April 2023.

**2.** Mukasheva M.K. «The way of Abai: Teaching of M. Auezov's epic by K. Bitibaeva'stechology». London International Conference on Teaching, Education & Learning. Online Live International conference. 26 April 2023.

А.Азатбақыт, Ж.Болатбекова, Г.Құрманғалиевалар Халықаралық шетелдік ғылыми конференцияларда ағылшын тілінде баяндама жасап, жариялаған:

Bolatbekova Zh.B. «Teaching English translations of Abai» Berlin International Conference on Teaching, Education and Learning, 11-12 May 2023, Teaching and Education Research Association (TERA).

Kurmangaliyeva G.T. «History of Abay science» Paris International Conference on Teaching, Education and Learning, 10-11 January 2024, Teaching and Education Research Association (TERA)

Azatbakyt A.A. «Teaching the First Stories of Mukhtar Auezov in High School» Berlin International Conference on Teaching, Education and Learning, 11-12 May 2023, Teaching and Education Research Association (TERA)

Azatbakyt A.A. «Methods of Teaching the Works of M. Auezov in Higher Educational Institutions». Amsterdam International Conference on Teaching, Education and Learning, 7-8 August 2023, Teaching and Education Research Association (TERA)

*Докторант Ж.Болатбекованың жарияланымы:*

Абайдың ағылшын тіліндегі аудармаларын оқыту арқылы этномәдени құзыреттілікті дамытудың әдістері // Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Хабаршы «Педагогикалық ғылымдар» сериясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2022 №2 (71). – Б. 176-185. https://bulletin-pedagogic-sc.kaznu.kz/index.php/1-ped/article/view/1339.

Абайдың ағылшын тіліндегі аудармаларын салыстыра талдау және оқыту // Торайғыров университетінің хабаршысы. № 1 (2023). - Б. 75-87. https://vestnik-philological.tou.edu.kz/storage/journals/118.pdf

*Докторант А.Азатбақыттың жарияланымы:*

М.Әуезов әңгімелерін ЖОО-да оқытудың инновациялық технологиясы // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршы «Педагогикалық ғылымдар» сериясы, 2022. №3 (72). - Б. 109-120. https://bulletin-pedagogic-sc.kaznu.kz/index.php/1-ped/article/view/1346/725

М.Әуезовтің алғашқы әңгімелерін оқыту // Ясауи университетінің Хабаршысы, 2022. - № 4(126). – Б. 318-327. https://journals.ayu.edu.kz/index.php/habarshy/article/view/1860/457

М.Әуезов әңгімелерін оқытудың ғылыми-теориялық негіздері // Еуразия Гуманитарлық институтының Хабаршысы, 2023. - №3. Б. 260-271 https://ojs.egi.kz/BULLETIN/article/view/83/153

Мұхтар Әуезов әңгімелеріндегі суреткер шеберлігіне талдап оқыту // Торайғыров университетінің хабаршысы Филологиялық серия, 2024. - № 1. - Б. 41-54 https://vestnik-philological.tou.edu.kz/storage/journals/122.pdf

Докторанттардың шетелдік тағылымдамасы ДҒЗЖ жүргізуіне ықпалы зор. 2021-2022 оқу жылында докторант А.Азатбақыт 21.11.2022 – 20.12.2022 ж Түркияның университеті, Эльязыг қаласындағы Фырат университетінде шетелдік тағылымдамадан өтті.

Г.Т.Құрманғалиева 01.11 -30.11. 2023 ж. аралығында Түркияның Измир қаласындағы Еге университетінде шетелдік тағылымдамадан өтті.

Шетелдік тағылымдама барысында докторант шетелдік кеңесші Метин Екиджимен диссертацияның тақырыбы мен мазмұнын талқылаған, негізгі мәселе бойынша ұсыныс алған. Докторант ғылыми еңбектерімен танысып, Эге университетінің профессор-оқытушылар құрамының дәрістеріне қатыса алған.

25.10.2021 - 09.11.2021 ж. уақытта докторант Ж.Болатбекова Венгрияның Сегед университетінде Алтаистика кафедрасында шетелдік тағылымдамадан өткен.

А.Азатбақыттың шетелдік тағылымдамасы Zoom платформасы, сондай-ақ Whatsup және E-mail электронды қосымшасын пайдалана отырып онлайн ұйымдастырылған. Басқа да докторант шетел университетіне барып ғылыми тағылымдамадан өткен. Тағылымдама барысында оқу және зерттеу жұмысы жүргізілген. Шетелдік тағылымдама барысында докторлық диссертация тақырыптары бойынша кеңес жүргізілген.

Ж.Болатбекова Сегед университетінің Алтаистика кафедрасының ПОҚ ғылыми жұмысымен танысып, дәріске қатысқан.

Г.Құрманғалиева Эге университетінің «Түркі дүниесі» ғылыми-зерттеу орталығында семинарына қатысып, ғалымдардан кеңес алып, ғылыми жұмыс жасауға үйренген.

ШҚУ-да мамандарды даярлаудың сапасын жақсарту мақсатында оқыту бейіні бойынша ғылыми және білім беру мекемелерімен тұрақты байланыс жүзеге асырылып отырады. Докторанттардың заманауи озық білімді игеру жағдайын қамтамасыз ету үшін жетекші университеттің шетелдік ғалымдары мен профессорлары шақырылады. Атап айтқанда, 2019 жылы қыркүйекте Улудаг университетінің профессоры Абдулкадир Чучен (Түркия), 2023 жылы сәуір айында Новосибирск университетінің профессоры Аблажей Наталья Николаевна, 2022 жылы қыркүйекте Н.Ф.Катанов атындағы Хакас мемлекеттік университетінің профессоры Мирошниченко Влада Валерьевна, 26.09.2022 - 22.10.2022 аралығында Гарвард (АҚШ) университінің докторы Нурлан Кенжеахмет, Тренто университетінен (Италия) Алессандро Фигус, Кыркларели университетінен (Түркия) Булент Байрам дәріс оқып, кеңес өткізген.

Докторанттар А.А.Азатбақыт, Ж.Б.Болатбекова 8D01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті педагогін даярлау» БББ бойынша оқу курсын аяқтап *(2020-2023 ж.ж.),* жоспарланған жұмыс көлемін толық орындаған. Қазіргі уақытта докторанттар А.А.Азатбақыт, Ж.Б.Болатбекова сәйкесінше «ЖОО-да Абай шығармаларын ағылшын тіліндегі аудармаларымен салыстыра оқыту арқылы этномәдени құзыреттілікті дамыту», «Жоғары мектепте М.Әуезов әңгімелерін оқыту әдістемесі» тақырыптары бойынша докторлық диссертациясын қорғауға дайындалуда.

3-курс докторанты Г.Т.Құрманғалиева «Абайтану пәнін орта мектепте оқытудың теориясы мен әдістемесі» тақырыбында диссертацияны аяқтап, түзету мен редакциялық жұмыс жасау үстінде.

Докторанттардың ҒЗЖ тақырыптары өзекті, тарихнамасы көлемді, ғылыми пайымы терең, қорыта айтқанда, қойылатын талапқа сай.

***Ескерту:*** жоқ.

***Жағымды тәжірибе:***
Шетелдік тағылымдаманың болуы.

**4-стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкестік.**

## 5-СТАНДАРТ
## ДОКТОРАНТТАРДЫ ҚОЛДАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

***Дәлелдеме және талдау:***

Университет және түлек дайындаушы қазақ, орыс филологиясы және журналистика кафедрасы докторантурада оқытудың академиялық барлық кезеңінде докторанттарға тиісті мөлшерде қолдау көрсетеді. 1-курста білім алушылардың бейімделуін қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастыру жұмысы жүргізіледі. Атап айтқанда, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі бағдарлау апталығын өткізеді. Медициналық, психологиялық көмек қызметімен, оқу орнының кітапханасымен таныстырады. Докторанттарға оқытудың барлық кезеңінде қолдау қызметтерінің ресурсын пайдалану мүмкіндігі берілген.

Сұхбат барысында докторанттар оқу орны миссиясы, стратегиясымен; БББ кешенімен, білім беру траекториясын қалыптастыру қағидасымен, докторанттың жеке жұмыс жоспарын ресімдеу; білімнің ағымдағы, аралық, қорытынды аттестаттауды жүргізуге қойылатын талаппен таныс екенін байқатты. Дегенмен болған әңгіме барысында ақылы түрде қабылданған бір докторанттың оқу ақысын қиынсынғандықтан, білім алуын жалғастыра алмағандығы фактісі белгілі болды. «Аталған білім алу бағдарламасы бойынша ақылы негізде оқитын білім алушыларға жеңілдік қарастырылған ба?» деген сұраққа қандай да бір жауап алынған жоқ.

Жалпы, университетте докторанттар үшін диссертация шеңберінде ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуге, диссертациялық жұмысты, ғылыми мақала дайындауға, халықаралық конференцияға қатысуға және ҚР заңнамасына және халықаралық талапқа сәйкес ғылыми тағылымдамадан өту үшін бірқатар жағдай жасалған.

Университеттің халықаралық ынтымақтастық және академиялық ұтқырлық бөлімі жақын және алыс шетелдің жоғары оқу орындарында кредит түрінде қосымша тәжірибе мен құзыреттілік алу үшін академиялық ұтқырлықты ұйымдастыруға, академиялық ұтқырлық барысында игерілген кредитті тану мен есепке алуда, ғылыми тағылымдаманы, оның ішінде шетелдік тағылымдаманы ұйымдастыруға ішінара көмектеседі.

Кафедра докторанттары «Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары» негізінде жүзеге асырылатын академиялық ұтқырлықты ұйымдастыру қағидасымен *(ҚР БжҒМ 20.04.2011 ж., №152 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы, ҚР БжҒМ 02.06.2014, № 198 бұйрығымен бекітілген),* «Білім алушылардың академиялық ұтқырлық тұжырымдамаларымен»*(19.01.2011)* таныс.

Кафедра докторанттарының арасында мүмкіндігі шектеулі білім алушылар жоқ. Қажет болған жағдайда ЖОО оларға инклюзивті білім беруді

қамтамасыз ете алады.

Докторанттарды оқытуды қолдаудың көмекші қызметі жұмысының тиімділігі оқу процесін ұйымдастыруға қанағаттану тұрғысынан сауалнама арқылы бағаланады. Стратегиялық жоспарлау, Менеджмент және мониторинг бөлімі әр семестр аяқталғаннан кейін проблеманы анықтау және докторанттарды даярлау сапасын жақсарту мақсатында сауалнама жүргізеді.

Жалпы, 2023 жылғы сауалнама нәтижесі қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы докторанттарының ЖОО-да оқуға қанағаттанушылығының жақсы дәрежесін көрсетеді.

***Ескерту:*** *жоқ.*

***Жағымды тәжірибе:***

8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының түлектерін жұмысқа орналастырудың жоғары деңгейі.

***Жақсарту шарасы:***

Аталған университеттің 8D01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті педагогін даярлау» БББ бойынша ақылы негізде оқитын білім алушыларға оқу ақысы үшін белгілі бір жеңілдікті көздейтін икемді жүйе жасау ұсынылады.

**5-стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкестік.**

## 6-СТАНДАРТ
## РЕСУРСТАР

***Дәлелдемер және талдау:***

Аудит барысы ЖОО-да оқыту ресурсының дұрыс деңгейде екенін көрсетті. 8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті педагогін даярлау» БББ оқытушылары мен білім алушылары үшін қолайлы 9 оқу ғимараты, заманауи 4 студенттер үйі, 5 асхана, 1 буфет, 5 медициналық пунктпен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар 2 спорт кешені, 2 спорт зал, 1 фитнес клубы жұмыс істейді.

Университетте білім беру, жеке және кәсіптік қажеттілікті қанағаттандыру үшін жұмыс істейтін жағдайды қамтамасыз ететін студенттерді қолдау қызметі бар: асхана, сауықтыру орталығы, мәдени және мерекелік іс-шараға арналған акт залы, спорт және спорт залдары, оқу залы бар кітапхана, тегін компьютерлік сыныптар, интернетке қол жеткізу және т.б.

Білім сапасын арттыру, жоғары білім беру саласында академиялық адалдық пен талапшылдықты қалыптастыруда жаңа бастама енгізу міндетін жүзеге асыру мақсатында университетте «PARASAT» студенттерге қызмет көрсету орталығы жұмыс істейді. ХҚКО студент, магистрант, докторанттарға

және студенттердің ата-анасына мемлекеттік қызметті қоса алғанда, 30-дан астам қызмет түрін көрсетеді.

Сонымен қатар ДСК «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕАҚ студенттері мен оқытушыларына қызмет көрсетіп қана қоймайды, университет түлектері де осында әртүрлі оқу сертификатын алуға өтініш бере алады. Қызметті Орталық білім беру орталығының, студенттер ББ бөлімі, тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселе бөлімі, стратегия, халықаралық ынтымақтастық және аккредиттеу бөлімі, төлқұжат үстелінің қызметкерлері көрсетеді. Қызмет көрсету электронды кезек тәртібімен жүзеге асырылады.

Инфрақұрылымдық және материалдық-техникалық базасы әкімшілік, оқу және оқу-зертханалық ғимараттармен, қосалқы үй-жай және студенттер мен қызметкерлерге арналған студенттер үйімен ұсынылған. Оның заманауи ресурсы бар, олардың мазмұны сапалы білім беру қызметін көрсетуге қажетті жағдайды қамтамасыз етеді.

Университетте жалпы ауданы 58661,5 шаршы метр 8 оқу-зертханалық корпусы бар, оның ішінде оқу-зертханалық алаңы 19 310,6 шаршы метр, дене шынықтыру және спорт ғимаратының ауданы 8621,1 шаршы метр. Резидент емес студенттерге жалпы ауданы 16687,1 шаршы метр болатын төрт студенттік үй беріледі. Университетте барлығы 74 WI-FI кіру нүктесі бар, оның 26-сы оқу ғимаратында, 48-і студенттер үйінде. Қол жеткізу жылдамдығы 5-30 Мбит/сек диапазонында өзгереді. Үлкен ғылыми кітапханасы бар, оның жалпы ауданы 2108 шаршы метр, кітапхана қорында 1 миллионнан астам дана кітап бар.

Университетте барлығы 205 аудитория бар, оның ішінде: дәрісхана – 58, оқу және ғылыми зертхана – 29, мамандандырылған кабинет – 102 оқу құралымен жабдықталған, компьютерлік сынып – 16, спорт залы – 7 және барлық корпустағы оқу залы – 8.

Студенттер ауданы 317,5 ш.м. Чайка спорт және жүзу бассейнін тамашалай алады. Жастар жылында Мемлекет басшысының Жолдауы мен «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында 2019 жылы «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕАҚ жанынан Алексей Николаевич Трунов атындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешені ашылған.

Сондай-ақ университет тарихының мұражайы, атындағы табиғат мұражайы бар. Бажанов, Геологиялық мұражайы, «Чайка» спорттық және жүзу бассейні, «Берел» баспасы. Студенттер мен мұғалімдерге арналған оқу, әдістемелік, оқу және әкімшілік ақпараты жазылған беті бар білім беру және қашықтан оқыту порталы бар. Университеттің білім беруді ақпараттандыруға көңіл бөлуі дәстүрлі оқу залдары, әдебиеттер абонементтері, каталогтары жәнекітап сақтау қоймалары бар ғылыми кітапхананы дамыту стратегиясын айқындады.

***Ескерту:*** жоқ

***Жағымды тәжірибе:***

- материалдық-техникалық база мен ақпараттық қамтамасыз етудің жоғары деңгейі.
- қазіргі заманғы жоғары жылдамдықты бағдарламалық-аппараттық кешеннің болуы .

***Жақсарту шарасы:***

1) білім алушыларды соңғы 2-3 жылда баспа бетінен жарық көрген ғылыми және оқу-әдістемелік құралдармен көбірек қамтамасыз етуге көңіл бөлу;

2) кафедра оқытушыларының авторлығымен жарияланатын оқу құралдары және оқу-әдістемелік нұсқаулықтың санын арттыруға назар аудару.

**6 -стандарт бойынша сәйкестік деңгейі** – толық сәйкестік.

## 7-СТАНДАРТ.
## БАҒДАРЛАМА БОЙЫНША ОҚЫТУ НӘТИЖЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ ЖӘНЕ ЖҰРТШЫЛЫҚТЫ АҚПАРАТТАНДЫРУ

***Дәлелдеме және талдау:***

Оқыту сапасын бақылау алдыңғы стандартта бірқатар атағанымыздай, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің МЖБС және ШҚУ-дың ішкі нормалық құжаттамасына сәйкес жүргізіледі *(ҚР Білім және ғылым министрінің 31.10.2018, № 604 бұйрығымен бекітілген).*

Докторанттардың үлгерімін бақылау рейтингтік үлгіде жүзеге асырылады. Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау үшін бақылау мен аттестаттаудың әртүрлі формасы көзделген: ағымдағы бақылау, аралық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау. Олардың кезеңділігі мен ұзақтығы академиялық күнтізбеге сәйкес айқындалады. Докторанттардың емтихан сессиясын ұйымдастыруды және өткізуді жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институты жүзеге асырады. ДҒЗЖ-ны ағымдағы бақылауды ғылыми кеңесшілер жүзеге асырады. Ол докторанттың жазбаша есебі түрінде рәсімделеді.

Ғылыми жетекші докторанттардың теориялық дайындық деңгейіне, диссертацияның уақытылы ұсынылуына және оның мазмұнына жауап береді. Ғылыми кеңесшілер ДҒЗЖ жүргізу үшін жағдай жасайды, қажетті дереккөз бен ресурсқа қол жеткізуді қамтамасыз етеді, диссертациялық зерттеуді орындау барысында кеңес жүргізеді, қажет болған жағдайда білім алушылардың зерттеу жұмысын жүргізуін қамтамасыз етеді, жүргізілген зерттеу нәтижесін жариялауға дайындыққа жәрдемдеседі, ғылыми-зерттеу жұмысын орындау барысында туындайтын түрлі мәселені шешеді.

ЖОО университеттің БББ, қабылдау ережесі, күтілетін оқу нәтижесі, аралық, қорытынды аттестаттау рәсімі, контингент, ПОҚ, берілетін біліктілік және ресми сайт арқылы жұмысқа орналасу мүмкіндігі туралы барлық

ақпаратты ашық ұсынады. Ол ақпарат https://okmpu.edu.kz/, әлеуметтік желідегі бетте, қала, облыс және республика БАҚ-та қол жетімді.

Университет сайтында докторантура мамандықтарының тізбесі, докторантураға оқуға қабылдау қағидасы, докторантураға түсу үшін құжат қабылдау тәртібі, түсу емтиханын өткізу тәртібі, ғылыми және инновациялық қызмет, ЖОО-ның халықаралық байланысы туралы материал; электронды-кітапханалық ресурс жарияланады. Ақпарат қазақ, орыс және ағылшын тілінде ұсынылған.

Жедел ақпараттандыру жүйелі университеттің ресми сайты, білім беру порталы, электронды кітапхана, ғылыми конференция, электронды материал базасы арқылы жүзеге асырылады.

Ақпараттық-талдау орталығы білім беру бағдарламасы туралы жарнамалық буклетті мемлекеттік және орыс тілінде үнемі шығарып отырады.

Докторанттардың жұмысының нәтижесі туралы жұртшылықты хабардар ету ШҚУ корпоративтік ақпараттық-білім беру желісінің базасында жүзеге асырылады.

Оқу процесін автоматтандыру үшін Euniver link ақпараттық-білім беру интернет жүйесі, http://euniver.vkgu.kzақпараттық-бағдарламалық кешені енгізілген. Деректерге рұқсатсыз кіруден қорғау қарастырылған.

***Ескерту:*** жоқ.

***Жақсарту шарасы:*** жоқ.

**7 -стандарт бойынша сәйкестік деңгейі** – толық сәйкестік

## 3-ТАРАУ

## Қорытынды

8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша өзін-өзі бағалау есебі НАОКО анықтайтын БББ докторантурасын бастапқы мамандандырылған аккредиттеу стандартына сәйкес ұсынылған.

Өзін-өзі бағалау есебі 8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ кіріспеден, 7 стандарттың сипаттамасы, қорытынды және қосымшадан тұрады.

Баяндама материалын көрсету кезінде нормативтік-құқықтық құжатқа, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік білім беру стандартына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрықтарына сілтеме жасалды.

8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ-ға алғашқы қабылдау 2018 ж., оқу кезеңі – 2018 - 2021 жж. келісімшарт негізінде 1 докторант қабылданды.

8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мазмұны білім беру бағдарламасының төлқұжаты, ЖОБР, ЭПК, штаттық деңгей бойынша кесте, оқу-әдістемелік әдебиет, ЭУР, университет кітапханасындағы әдебиеттердің электронды каталогы кіреді. 8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ құрылымы модульдік принципке негізделген.

8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ мақсаты жоғары оқу орнының стратегиясына, мақсаты мен міндетіне сәйкес келеді, 8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ түлегінің кәсіби құзыреттілігі сипатталған. Кафедраның ПОҚ-мен қатар, БББ әзірлеу және өзектендіру үшін университеттің академиялық Кеңесінің жобалау комитетінің отырысына 8d01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ оқытудың перспективасын, проблемасын, технологиясын қарастыратын жұмыс берушілер, білім алушылар қатысады. Докоранттың 2023-2024 оқу жылының академиялық күнтізбесіне сәйкес докоранттың жеке жұмыс жоспарына сәйкес педагогикалық және зерттеу практикасынан өту, зерттеу тақырыбы бойынша тағылымдамадан өту, докоранттың академиялық ұтқырлығы, сондай-ақ ғылыми зерттеудің нәтижесін ғылыми семинарда және қазақ, орыс филологиясы және журналистика кафедрасының отырысында талқыланған.

Отандық ғылыми кеңесшілер п.ғ.д., профессор Ф.Ш.Оразбаева, п.ғ.к. А.Тамаев, п.ғ.к. Б.Д.Жұмақаева мен және шетелдік ғылыми кеңесшілер ф.ғ.д. Қазан федералды университетінің профессоры Ф.С.Сайфулина (Қазан), Сыртқы Кочман университетінің профессоры Аян Экрем (Түркия), Фырат университетінің профессоры Эрджан Алкаямен (Түркия), Эге университеті профессоры Метин Екиджимен ынтымақтастық туралы келісім бар (Түркия).

Докоранттың ғылыми-зерттеу жұмысы докоранттың ғылыми-зерттеу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады. Зерттеудің эксперименттік базасы: «Жамбыл атындағы облыстық мамандандырылған мектеп-гимназия-дарынды балаларға арналған мектеп-интернатында» жүргізіліп, эксперименттік әдіс қорытындысы шығарылған.

8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ сапасы туралы жұмыс берушілер тарапынан пікір беруге олар мүдделі.

Оқу процесі мен ғылыми зерттеу докторлық диссертация бойынша ғылыми зерттеу жүргізуге болатын құралдар бар оқу және ғылыми зертханада жүзеге асырылады. Университеттің сайты бар www.vkgu.kz/ru, онда ЖОО туралы, ББ, ҒЗЖ туралы, жұмыс берушілер туралы, оқытудағы инновация туралы, ЖОО-ның ғылыми зертханасы туралы ақпарат ұсынылған. 8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ өзін-өзі бағалау есебі докторлық бағдарлама бойынша бастапқы мамандандырылған аккредиттеу стандартының өлшеміне сәйкес келеді.

Мамандықтың жұмыс оқу жоспары, жалпы білім беру пәндері, базалық пәндер, кәсіптендіру пәндері, міндетті және таңдау компоненті немесе элективті пәндер топтамасы осы стандарттың типтік оқу жоспарына сәйкес құрастырылған.

8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының мазмұны қазіргі заман талабы сұранысына сай келеді. Сапалы кәсіптік білім беруде, білім алушыларға педагогикалық әдіс-тәсілді жоғары деңгейде меңгертуде, оларды жеке тұлға ретінде қалыптастыруда, шығармашылық қабілетін дамытуда, қазіргі еңбек нарығы талабындағы бәсекеге қабілетті маман болып шығуына, ұлт мүддесі мен ел игілігіне адал қызмет ететін отаншыл азамат ретінде жетілуіне айрықша мән беріледі.

Білім беру бағдарламасының сапасын арттыруда еңбек нарығының сұранысы, жұмыс берушілердің ұсынысы ескеріліп отырады. Элективті пәндер каталогіне толықтыру мен өңдеу енгізілген.

Осы айтылғандарды түйіндей келе, комиссия 8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасын аккредитациядан өткізуді ұсынады.

## 8D01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша ұсыныс:

**1-стандарт.** Академиялық адалдық және сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат

Сәйкестік дәрежесі – толық сәйкес.

***Ескерту:*** жоқ.

***Жақсарту шарасы:*** жоқ.

**2-стандарт.** Білім беру бағдарламасының мазмұны

Сәйкестік дәрежесі – толық сәйкес.

***Ескерту:*** жоқ.

***Жақсарту шарасы:***

Білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында оқу үдерісіне осы мамандықтың шифрына сәйкес келетін танымал отандық ғалымдарды да шақыруға көңіл бөлгені дұрыс болар еді.

**3-стандарт.** Профессорлық-оқытушылық құрамының сапасы

Сәйкестік дәрежесі – елеулі сәйкес.

***Ескерту:***

8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ бойынша оқытылатын пәндерге сәйкес келетін жоғары білікті ПОҚ, соның ішінде ғылым докторлары штатпен толық қамтылмаған. Мәселен, Абай ат. Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті қазақ тілі теориясы және оқыту әдістемесі кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы Рахметова Райгүл Сәдуақасқызы ішкі қоса атқарушылық (внутренный совместитель) қызметке алынған, ал кадр қызметінің штатында ол PhD докторы деп көрсетілген.

***Жақсарту шарасы:***

1) білім беру бағдарламасы бойынша оқытылатын пәндерге сәйкес келетін жоғары білікті оқытушыларды, яғни ғылым докторларын штатқа толық қамту;

2) ББ бағдарламасына сәйкес құжаттаманы құжаттау барысындағы атқарылатын жұмыстың ауқымды болуына байланысты жұмысты қазақ, орыс филологиясы және журналистика кафедрасының бір-екі ғана оқытушы атқаратындықтан, ол оқытушылардың жұмыс уақытының басым бөлігі оқу құжатын рәсімдеуге жұмсалатыны байқалды. Сондықтан 8D01701 - «Қазақ тілі мен әдебиетінің» БББ-сын жеке кафедра ретінде бөліп шығаруды немесе басқа да жақсарту шарасын қарастыру қажет деп санаймыз.

3) 2020 жылы ашылған «Абайтану» ғылыми-зерттеу институтының тұрақты штаты 1 ғана бірлікті қамтиды. Бір ғана адамның аталған институттың бүкіл жұмысын толыққанды атқаруы мүмкін емес, сондықтан алдағы уақытта хакім Абайдың шығармашылығын танып-білуді жаңа сапалық деңгейге көтеру үшін ғылыми қызметкерлердің штаттағы санын арттыруды қолға алу;

4) ПОҚ-тың рейтінгісі жоғары журналдарда жарияланатын ғылыми мақала санын әлі де көбейту.

**4-стандарт.** Зерттеу жұмысының сапасы

Сәйкестік дәрежесі – толық сәйкес.

***Ескерту:*** жоқ.

***Жақсарту шарасы:*** жоқ.

**5-стандарт.** Докторанттарды қолдау жүйесінің тиімділігі

Сәйкестік дәрежесі – толық сәйкес.

***Ескерту:*** жоқ.

***Жақсарту шарасы:***

Аталған университеттің 8D01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті педагогін даярлау» БББ бойынша ақылы негізде оқитын білім алушыларға оқу ақысы үшін белгілі бір жеңілдікті көздейтін икемді жүйе жасау ұсынылады.

**6-стандарт.** Ресурстар

Сәйкестік дәрежесі – толық сәйкес.

***Ескерту:*** жоқ

***Жақсарту шарасы:***

1) білім алушыларды соңғы 2-3 жылда баспа бетінен жарық көрген ғылыми және оқу-әдістемелік құралдармен көбірек қамтамасыз етуге көңіл бөлу;

2) кафедра оқытушыларының авторлығымен жарияланатын оқу құралдары және оқу-әдістемелік нұсқаулықтың санын арттыруға назар аудару.

**7-стандарт.** Оқыту жүйесінің тиімділігі және қоғамды ақпараттандыру

Сәйкестік дәрежесі – толық сәйкес.

***Ескерту:*** жоқ.

***Жақсарту шарасы:*** жоқ.

*1-қосымша*

**ПРОГРАММА**
**внешнего аудита экспертной группы IQAA**
**в Восточно-Казахстанский университет по программной аккредитации**
**4.06. -5.06.2024 год**

| Время | Мероприятие | Участники | Место | Ответственные |
|---|---|---|---|---|
| *День 1-й: 4 июня 2024 г.* | | | | |
| 8:45 | Прибытие в Университет | Р, ЭГ, К | Кабинет ВЭГ (ауд. 218) | Сапарова Д.Р., Нигманова Д.К. зав. кафедрами аккредитуемых ОП |
| 9:00-10:00 | Брифинг, обсуждение организационных вопросов | Р, ЭГ, К | Кабинет ВЭГ (ауд 218) Ссылка для конференции | Сапарова Д.Р., Нигманова Д.К. |
| 10:00-10:45 | Интервью с Председателем правления-Ректором университета | Р, ЭГ, К, Ректор Председатель Правления – Ректор – Төлеген Мұхтар Әділбекұлы | Кабинет ВЭГ (ауд 218) Ссылка для конференции | Сапарова Д.Р., Нигманова Д.К. |
| 10:45-11:00 | Обмен мнениями членов внешней экспертной группы | Р, ЭГ, К | Кабинет ВЭГ (ауд 218) Ссылка для конференции | Сапарова Д.Р., Нигманова Д.К. |
| 11:00-11:45 | Интервью с проректорами университета | Р, ЭГ, К, проректора<br>1. Ровнякова Ирина Владимировна<br>2. Алимбекова Нурлана Бауржановна<br>3. Мукажанов Еркат Бигалиевич<br>4. Калимолдина Жаннета Амангелдиновна<br>5. Рахадилов Бауыржан Корабаевич | Кабинет ВЭГ (ауд.218) Ссылка для конференции | Сапарова Д.Р., Нигманова Д.К. |
| 11:45-12:00 | Обмен мнениями членов внешней экспертной группы | Р, ЭГ, К | Кабинет ВЭГ (ауд. 218) Ссылка для конференции | Сапарова Д.Р., Нигманова Д.К. |
| 12:00-12:45 | Интервью с руководителями структурных подразделений | Р, ЭГ, К,<br>1. Домалатов Ержан Багданович<br>2. Сапарова Динара Рахметовна<br>3. Ниғманова Дана Құмаровна<br>4. Шарапиева Гульнур Даулеткановна<br>5. Абылайханова | Кабинет ВЭГ (ауд.218) Ссылка для конференции | Сапарова Д.Р., Нигманова Д.К. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Тана Абылайхановна<br>6. Мустафина Мергуль Оралбековна<br>7. Калиева Гулнара Кайржановна<br>8. Ділдебай Балғын<br>9. Сарынова Зауре Толегеновна<br>10. Чудобаева Асель Кунарбековна<br>11. Касенуалиева Зере Есимжомартовна<br>12. Хамитова Зенура Кайсабековна<br>13. Болатова Жаннель Болатовна<br>14. Раисова Карлыгаш Рахимовна<br>15. Сабитов Тимур Рафикович<br>16.Бежибаева Сауле Капезовна (Айгерим Куанышевна Нурасыловна)<br>17. Жумажанов Жетпис Бектасович<br>18. Есимханова Флюра Рашидовна<br>19. Ақатан Қыдырмолла<br>20. Керенцев Александр Николаевич<br>21. Тарлаубай Майра Шуршитбайқызы<br>22. Картаева АйжанМаратбековна<br>23. Алипова Алима Кабдульашимовна<br>24. Нуралиева Перизат Кузембаевна<br>25. Ескалиев Айбар Султанович<br>26. Жукокова Назия Казбековна<br>27. Әуелбаев Еркін Маратұлы<br>28. Байдрахманов Даурен Серикович<br>29. Жексембаев Қайнар Ерланұлы<br>30. Аяганова Нурбахыт | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Касымовна<br>31. Ислямова Сараш Аскаровна<br>32. Исебаева Бакытгуль Кудышевна<br>33. Молдахметова Арайлым Ахметгалиевна | | |
| 12:45-13:00 | Обмен мнениями членов внешней экспертной группы | Р, ЭГ, К | Кабинет ВЭГ Ссылка для конференции | Сапарова Д.Р., Нигманова Д.К. |
| 13:00-14:00 | Обед, учебный корпус №1, столовая | Р, ЭГ, К | | |
| 14:00-14:45 | Интервью с деканами Высших школ и заведующими кафедрами аккредитуемых программ | Р, ЭГ, К,<br>1. Оразалин Слямбек Қалибекұлы<br>2. Апышева Асель Ануарбековна<br>3. Жаманбаева Лаззат Кыдырбековна<br>4. Капышева Гульнар Кыдырбековна<br>5. Барбосынова Карлыгаш Туркестановна<br>6. Конуспаев Руслан Курмангажиевич | Кабинет ВЭГ (ауд.218) Ссылка для конференции | Деканы Высших школ,<br>Зав. кафедрами |
| 14:45-15:00 | Обмен мнениями членов внешней экспертной группы | Р, ЭГ, К | Кабинет ВЭГ (ауд.218) Ссылка для конференции | |
| 15:00-15:45 | Интервью с ППС кафедры по аккредитуемой образовательной программе | Р, ЭГ, К, ППС<br>1. Өскембай Әлия Акымқызы<br>2. Нурбекова Раушан Калымбековна<br>3. Жириндинова Куралай Рымкановна<br>4. Рякова Елена Геннадьевна<br>5. Сейтембетов Ермек Жакенович<br>6. Игисинова Нураш Бекбауовна<br>7. Жиренова Айгуль Толеухановна<br>8. Савчук Елена Викторовна<br>9. Абсеитова Еркежан Маулетбековна | Кабинет ВЭГ (ауд.218) Ссылка для конференции | Жаманбаева Л.К., Капышева Г.К.; Барбосынова К.Т., Конуспаев Р.К. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 10.Бейсенова Сымбат Жайляухановна<br>11.Торгаева Раушан Кажимкановна<br>12.Чжан Елена Евгеньевна<br>13.Нуралинова Галима Мухамадиевна<br>14.Картаева Айжан Маратбековна<br>15.Касенов Сакен Токанович<br>16.Алимхан АйгульАсетовна<br>17.Берикболова Асель Жумагалиевна<br>18.Ситникова Елена Станиславовна<br>19.Ахметова Ляйля Мырзамухаметовна<br>20.Ордабаева МайнурАйтказиновна<br>21.Сактаева Альмира Абешевна | | |
| | | | | |
| 15:45-16:00 | Обмен мнениями членов внешней экспертной группы | Р, ЭГ, К | Кабинет ВЭГ (ауд.218) Ссылка для конференции | Сапарова Д.Р., Нигманова Д.К. |
| 16:00-16:45 | Интервью со студентами | Р, ЭГ, К, Обучающиеся<br>1. Шакаримов Достык<br>2. Шаріпханова Жансая Шаріпханқызы<br>3. Жаксыбаева Мадина Солтаншариповна<br>4. Аубакирова Асем Жунисхановна<br>5. Әбубәкір Марлен Нұрланұлы<br>6. Сейтжан Дидар Қынатұлы<br>7. Кулыбек Багдаткали Әбдіманапұлы<br>8. Толымханова Гафура Айдарханқызы<br>9. Аканова Карина Витальевна | Кабинет ВЭГ (ауд.218) Ссылка для конференции | Жаманбаева Л.К., Капышева Г.К.; Барбосынова К.Т., Конуспаев Р.К. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 10. Ерланқызы Ақерке<br>11. Болашақ Ердана<br>12. Дүйсен Алмат<br>13. Кыдырбекова Айгерим Сериковна<br>14. Советхан Инабат<br>15. Бейсембекова Алтынай<br>16. Рахметолла Адина<br>17. Кайырбаева Ж.К<br>18. Курмангалиева Г.Т<br>19. Зайсанбекова Аэлита<br>20. Алибеков Айдос<br>21. Астамбаев Елдос<br>22. Идрышов Махамбет Болатханулы<br>23. Дюсупова Гульмира Турсынгалиевна | | |
| 16:45-17:00 | Обмен мнениями членов внешней экспертной группы | Р, ЭГ, К | Кабинет ВЭГ (ауд 218)<br>Ссылка для конференции | Сапарова Д.Р.,<br>Нигманова Д.К. |
| 17:00-18:30 | Визуальный осмотр материально-технической и учебно-лабораторной базы | Р, ЭГ, Заведующие кафедрами<br>1. Жаманбаева Лаззат Кыдырбековна<br>2. Капышева Гульнар Кыдырбековна<br>3. Барбосынова Карлыгаш Туркестановна<br>4. Конуспаев Руслан Курмангажиевич | Учебный корпус №1, 9 (Маршрутный лист)<br>Ссылка для конференции | Апышева А.А.,<br>Оразалин С.К.,<br>Жаманбаева Л.К.,<br>Капышева Г.К.,<br>Конуспаев Р.К.,<br>Барбосынова К.Т. |
| 18:30-19:00 | Обмен мнениями членов внешней экспертной группы | Р, ЭГ, К | Кабинет ВЭГ (ауд.218)<br>Ссылка для конференции | Сапарова Д.Р.,<br>Нигманова Д.К. |
| ***День 2-й: 5 июня 2024 г.*** | | | | |
| 8:45 | Прибытие в Университет | Р, ЭГ, К | Учебный корпус №1 | |
| 9:00-11:00 | Выборочное посещение учебных занятий и баз практик | Р, ЭГ | Учебный корпус №1, №9<br>Базы практик<br>Приложение | Апышева А.А.,<br>Оразалин С.К.,<br>Жаманбаева Л.К.,<br>Капышева Г.К.,<br>Конуспаев Р.К.,<br>Барбосынова К.Т. |
| 11:00-11:45 | Интервью с выпускниками | Р, ЭГ, К,<br>Выпускники | Кабинет ВЭГ (ауд218) | Зав.кафедрами |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 1. Мүтан Гүлнұр Қайырқанқызы<br>2. Аубакирова Макпал Алтаевна<br>3. Кусаинов Асхат Гарибович<br>4. Кәдіров Берік Кәдірұлы<br>5. Тарлаубай Майра Шүршітбайқызы<br>6. Шакенова Жансая<br>7. Калелова Арайлым<br>8. Дмитриев Артем<br>9. Мукашева Меруерт Козыкановна<br>10. Азатбақыт Айнұр | Ссылка для конференции | |
| 11:45-12:00 | Обмен мнениями членов внешней экспертной группы | Р, ЭГ, К | Кабинет ВЭГ (ауд.218)<br>Ссылка для конференции | Сапарова Д.Р., Нигманова Д.К. |
| 12:00-12:45 | Интервью с работодателями | Р, ЭГ, К, Работодатели<br>1. ҚажытаевӘділетСерікжанұлы<br>2. Макеев Ринат Нурлыбекович<br>3. Ашимова Аяужан Турсынбековна<br>4. Көшербаев Б.Т<br>5. Аймуханбетова Г.А<br>6. Болаева А.<br>7. Шумахер Елена Леонидовна<br>8. Битибаева Бакытгуль Омаргалиевна<br>9. Рантай Максат<br>10. Садыкова Нуржамал Ануарбековна<br>11. Кожасейтов Еркын Ришатович<br>12. Толеубеков Эльдар Толеубекович<br>13. Костина Елена Валерьевна | Кабинет ВЭГ (ауд. 218)<br>Ссылка для конференции | Зав. кафедрами |
| 12:45-13:00 | Обмен мнениями членов внешней экспертной группы | Р, ЭГ, К | Кабинет ВЭГ<br>Ссылка для конференции | Сапарова Д.Р., Нигманова Д.К. |
| 13:00-14:00 | Обед, учебный корпус №1, столовая | Р, ЭГ, К | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 14:00-16:00 | Подготовка отчетов по внешнему аудиту. Изучение документации по аккредитуемой образовательной программе. Приглашение отдельных представителей кафедры и структурных подразделений по запросу экспертов | Р, ЭГ, Заведующий кафедрой, РСП | Кабинет ВЭГ (ауд.218) Ссылка для конференции | Сапарова Д.Р., Нигманова Д.К. |
| 16:00-17:00 | Обмен мнениями членов внешней экспертной группы. Подведение предварительных итогов внешнего аудита | Р, ЭГ, К | Кабинет ВЭГ (ауд.218) Ссылка для конференции | Сапарова Д.Р., Нигманова Д.К. |
| 17:00-17:30 | Встреча с руководством для представления предварительных итогов внешнего аудита | Р, ЭГ, К | Кабинет (ауд. 218) Ссылка для конференции | Сапарова Д.Р., НигмановаД.К.,руководство вуза |

Примечание: Р – руководитель ВЭГ, ЭГ – экспертная группа, К – координатор группы

*2-қосымша*

## ЖОО-ДА ҚОСЫМША ҚАРАСТЫРЫЛҒАН ҚҰЖАТТАР

1. Пән силлабустары.
2. Шетелдік оқу орындарымен жасалған келісімшарттар.
3. Шетелдік кеңесшілердің келісімхаттары/шарттары.
4. ДҒЗЖ аттестациялау хаттамалары.
5. Ендіру актілері.
6. Іс-тәжірибелер мен тағылымдамалар жөнінде жасалған екі жақты, үш жақты келісімшарттар.
7. Отандық ғылыми кеңесші мен докторанттардың портфолиосы.
8. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде дәрістер оқыған шетелдік лекторлардың дәріс жоспарлары.